


# ҚАЗАҚ



АЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№6 (1640)  
21 ақпан  
2017 жылы

# УНИВЕРСИТЕТ

Алғашқы 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

[www.kaznu.kz](http://www.kaznu.kz)

В КазНУ им. аль-Фараби состоялось торжественное собрание, посвященное 25-летию вступления Республики Казахстан в Организацию Объединенных Наций.

НА СТРАЖЕ ЗАКОНА

## «ӘЛ-ФАРАБИ» радиосына – 20 жыл

«Студент» деген сөз естілсе, көз алдыға жігерлі, жалындаған, жаңалыққа жаны құмар жастар елестейді. Міне, осындай жас өркеннің қолымен жүзеге асырылған игі істердің бірі – студенттік радио қызметі. 1997 жылы Қазақ радиосының арнасынан қазақ және орыс тілдерінде алғаш рет студенттік бағдарлама эфирге жол тартқан еді. Еліміздегі тұңғыш студенттік радионың хабары ұлт тілінде республикалық радиодан бастау алып, алғашқы жарты сағаттық бағдарлама мақала авторының жетекшілік етуімен әуе толқынына шыққан болатын. Алғаш «Сана» деп аталған радио атауы өзгеріп кейін «Әл-Фараби» радиосы атанды.



«Сананың» алдымен «Зерде» деген атпен шыққаны мәлім. Осы «Зерденің» тұсаукесер хабары студенттер өміріндегі тарихи күндердің бірі – 16 қаңтарда күндізгі сағат 11.30-дан 12.00-ге дейінгі аралықта әуе толқынынан берілген еді. Студенттік радио хабарларын халық Қазақ радиосына келген жаңа леп, қосылған жаңа үн ретінде жылы қабылдады. Алғашқы хабар шыққаннан кейін-ақ, «Жас алаш» газетіне жарияланған жамбылдық М. Жұбатованың «Студенттер дайындаған хабарды тыңдап риза болдым. Жауыр тақырып, жаттанды сөзден гөрі бұл бір оңды іс болған екен. Жаңа істің жанашырларының көбеюіне, қашанда жаңалықтың жаршысы болуына тілектеспін», – деген сияқты жүрекжарды лебіздер жас

жазылып алынып, «Жақсыдан шарапат» айларымен беріліп тұратын. «Студенттердің жыр дәптерінен» немесе «Студент күнделігі» атты айдарлар тұрақты орын алып, жастар шығармашылығына жол берілетін.

Кейіннен «Әл-Фараби радиосы» атанған студияның қазіргі жұмысы тікелей эфирге ауысқан. Радиостудия шәкірттердің тәжірибе мектебіне айналып отыр. Хабарлар қазақша, орысша, ағылшынша аптаның

студияға кімдерді шақыру керек деген мәселе төңірегінде ақылдасып, шешіп отырады. Кейде жалпы проблемалық тақырып аясында да хабар дайындалатын кездер болады. Ондай тақырып мазмұнын, идеясын ашатын факторлар іріктеліп алынып, барлық қырларын көрсетуге ықпал ететін белгілерді табу үшін студенттер жан-жақты ізденеді. Бағдарламаның кешегі де, бүгінгі де басты мақсаты – студенттер өмірінің күн тәртібінде тұрған мәселелерді жан-жақты көрсету, жастардың мүддесінен шыға алу, көңілді музыкалар бере отырып, өз аудиториясын жинау. Ал, мазмұндық жағынан әр алуан болуы өмірдің сан түрлі жағдайларынан мағлұмат беріп отыратын талап етілетін жай. Күн сайынғы

сөзден төрт бір оңды іс болған екен. Жаңа істің жанашырларының көбеюіне, қашанда жаңалықтың жаршысы болуына тілектеспін», – деген сияқты жүрежарды лебіздер жас радиожурналистердің мерейін өсіріп, жақсы хабарлар даярлауға деген ынтасын арттырды.

Хабардың үш санынан кейін «Зерде» – «Сана» болып өзгерді. Көптеген фибраты, айтары, үйретері мол айдарлар ашылып, маңызды

әңгімелер жүргізілетін. Мысалы, сол тұстағы парламент депутаты Әкім Ысқақ, биология ғылымдарының докторы Майя Шығаева, тарих ғылымдарының докторы Шағила Құсанова, композитор Нұрғиса Тілендиев, филология ғылымдарының докторы Алма Қыраубаева, Ержан Белғоизиев т.б. сияқты көптеген өмірлері ұрпаққа үлгі адамдардың сұхбаттары



тікелей эфирге ауысқан. Радиостудия шәкірттердің тәжірибе мектебіне айналып отыр. Хабарлар қазақша, орысша, ағылшынша аптаның алты күнінде жарты сағаттан беріледі. «Армысыздар, әл-Фараби радиосының тыңдармандары!» деген жүргізушілердің дауыстары бүкіл ҚазҰУ қалашығына таныс. ҚазҰУ

жаңалықтарымен қоса көптеген айдарлар бойынша хабарлар таратылады. Күнделікті үзіліс кезінде 3 рет эфирге қосылатын студенттік радио өз жұмысын Қазақ ұлттық университеті өмірінде болып жатқан жаңалықтардан бастайды, қосымша спорт жаңалықтары беріледі. Шығармашылық топқа енгендер алдымен тақырыптық жоспар жасап,

құнды басты мақсаты – студенттер өмірінің күн тәртібінде тұрған мәселелерді жан-жақты көрсету, жастардың мүддесінен шыға алу, көңілді музыкалар бере отырып, өз аудиториясын жинау. Ал, мазмұндық жағынан әр алуан болуы, өмірдің сан түрлі жағдайларынан мағлұмат беруі әрдайым талап етілетін жай. Күн сайынғы үзілісте студиядан тікелей эфирге шығу сәті шәкірттер көкіректеріндегі журналист болсам деген арманын асқақтата түсері анық.

Бағдарламалардың сапалы шығуы үшін жастарға еркіндік керек. Жетекшінің тапсырмасын ғана орындайтын студенттердің ойлау, тақырыпты таңдау қабілеті төмендейді. Сондықтан, олардың өз ойларын іске асыруына жағдай жасап, мүмкіндік туғызып отырған жөн. Осы тұрғыдан алғанда хабарға жетекші тарапынан тек бақылау жасалып, студенттердің өз іштерінен ұйымдастырушы тағайындалған болатын. Өйткені, қанша дегенмен жастар бір-бірімен тезірек тіл табысады. Студенттер көкейде жүрген ойларын бір-біріне еркін жеткізіп, оны іске асыруда да жұмыла кіріседі.

Қазір барлық хабарлар тікелей әуе толқынынан беріледі. Тікелей толқындағы журналист жедел ойлауға, шапшаң сұрақ қоюға жаттығады. «Тікелей толқын» қазақ тілінің көркемділігін кемітеді», – деген де пікірлер бар. Бірақ, тәжірибелі журналистердің көркем тілі тікелей әуе толқынында да керемет қолданып жүргенін көзіміз көріп жүрген жоқ па? Ендіше, радио әлеміндегі жаңа лектен біздің де тысқары қалмағанымыз абзал. «Әл-Фараби» радиосының хабарларын тыңдап отырып, оның журналистерді дайындаудағы алғашқы өндіріс баспалдағы екенін айта кеткен жөн. Аптасына алты күн беріліп отырған хабарлар бір-біріне ұқсамайтын, бір-бірін қайталамайтын өзіндік сұрлеуге түскен. Өндірістік тәжірибелерін өткізгеннен кейін де студент-журналистер хабарлар жасап, уақытқа үн қосып, заманның жүрдек жүрісіне ілесе алатындарын көрсетуде.

Клара ҚАБЫЛҒАЗИНА,  
профессор м.а.,  
студенттік радио жетекшісі

